

Ауыл шаруашылығы өндірісін ауылдық несиелендіру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 20 мамыр N 537

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715

P011715_

қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өндірісін ауылдық несиелендіру ережесі арқылы несиелендіру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 20 мамырдағы
N 537 қаулысымен бекітілген

Ауыл шаруашылығы өндірісін ауылдық несиелендіру ережесі арқылы несиелендіру ережесі

1. Жалпы шарттар

1. Осы Ереже "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 P011715_ қаулысына сәйкес N 087 "Ауылдық несиелендіру ережесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін несиелендіру" бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 641340000 (алты жүз қырық бір миллион үш жүз

қырық мың) теңге сомасында (бұдан әрі - Ресурстар) жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы өндірісін ауылдық несиелендіру серіктестіктері жүйесі арқылы несиелендіру тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Ресурстарды республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржымині) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 137 P010137_ қаулысымен мақұлданған ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қаржы ресурстарын тарта отырып несиелендірудің Пилоттық жобасына сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірісін (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді) ауылдық серіктестіктері жүйесі арқылы несиелендіру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан "Аграрлық несиелендіру корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Корпорация) береді.

3. Ресурстар Корпорацияға мерзімділігі, қамтамасыз етілуі және қайтарылымдылығы жағдайында сыйақының нөлдік ставкасы бойынша 5 (бес) жыл мерзімге жарғылық капиталына Корпорацияның қатысуымен құрылған ауылдық несиелендіру серіктестіктері (бұдан әрі - Серіктестіктер) несиелендіру үшін беріледі.

4. Қаржымині Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі - Әкімші) және Корпорациямен Корпорацияға республикалық бюджеттен Ресурстар бөлудің тәртібін, қайтарымдылығын қамтамасыз етуді, Корпорацияның Ресурстарды республикалық бюджетке қайтаруының тәртібі мен мерзімін регламенттейтін тиісті несиелендіру келісімін (бұдан әрі - Несиелендіру келісімі) жасасады.

5. Ресурстар Әкімшіге Корпорацияның кейіннен жөнелтуі үшін Корпорация мен Серіктестіктер арасындағы несиелендіру келісімдерінің көшірмелерін қоса бере отырып, Әкімшінің өтінімі негізінде бөлінеді.

6. Корпорацияның Ресурстарды қайтаруы төлемдердің кезеңділігі мен мөлшерін белгілейтін Несиелендіру келісімінің ажырамас бөлігі болып табылатын кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

7. Корпорацияның Ресурстарды республикалық бюджетке қайтаруын қамтамасыз етуі Корпорация мен Серіктестіктер арасында жасалған несиелендіру шарттары бойынша Қаржы министрлігіне ұсынылатын борыштық талап ету құқығын кепілге салу шарттары болып табылады.

8. Корпорацияның Серіктестіктерді несиелендіруі мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық пен қамтамасыз етілуі жағдайында қолданыстағы заңнамаға және Корпорацияның ішкі несиелендіру саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, несиелендіру ресурстарын бергені үшін Корпорацияның сыйақы ставкасы жылдық 5 (бес) пайыздан аспауы тиіс.

2. Қаражаттың пайдаланылуын бақылау

9. Корпорация Ресурстардың мақсатты пайдаланылуын және олардың

республикалық бюджетке уақытылы қайтарылуын қамтамасыз етеді.

10. Корпорация Қаржымині белгілеген нысандарда:

1) ай сайын, есептіден кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қаржымині мен Әкімшіге бөлінген несие қаражатының пайдаланылуы туралы есеп береді;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қаржымині мен Әкімшіге түпкі заемшылардан төлемдердің түсімі туралы есеп береді.

11. Қаржымині мен Әкімші Ресурстардың игерілуін, мақсатты пайдаланылуын, республикалық бюджетке уақытылы әрі толық өтелуін бақылауды жүзеге асырады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.